

12 сәуір 2022 жыл.

12 сәуір күні Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Шаяхметова Жанна Бекболқызының шақыртуымен Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығының сарапшы маманы Есенгельдин Темір Абилхаирович бВ04202-"Құқық қорғау қызметі" оқу білім беру бағдарламасының 2 курс студенттеріне «Қылмыстық құқық (Ерекше бөлім)» пәні аясында "Нашақорлықтың жастар арасында тарауы және оны тоқтату мәселесі" тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс барысында білікті маман есірткі заттардың әт түрлі категорияларына сипаттама беріп, олардың адам ағзасына кері әсері және есірткіге тәуелділіктің алдын алу жолдары туралы баяндады. Практик-мамандардың қатысуымен өтетін студенттер үшін осындай пайдалы дәрістер алдағы уақытта да жалғасын табатыны сөзсіз.

